**Күні_15.09.2023___**
**Сынып:_5-9___**

**Сабақтың тақырыбы: Өзге ұлт өкілдерін қазақ тіліне баулу.**

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** Оқушыларды қазақ тілінде ауызекі тілде сөйлеу еркін сөйлеуге үйрету; қазақша байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сұраққа тез, дұрыс жауап беруді меңгерту, сөзжұмбақтарды шешу арқылы оқушылардың білімдерін тындап, ой-өрісін кенейту.

**Дамытушылық:** Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, ауызша, жазбаша сөздік қорларын дамыту.

**Тәрбиелік:** Оқушылардың мемлекеттік тілге деген құштарлығын арттыру; отаншылдыққа, мемлекеттік тілге деген құрметке, көптілді маман болуға тәрбиелеу, тілдің ұштұғырлығын насихаттау.

**Сабақтың әдісі:** Сөз жұмбақ, тест сұрақтарға жауап беру, сөз құрау, сұрақ-жауап, дидакталық ойындар.

**Сабақтың эпиграфы:**

Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,

Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.

Қай елде жүрсен де бұл, дұрысы –

Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар.

**Сабақтың барысы**: І. Сәлеметсіндерме балалар!

Кезекші рапорты.(Сыныпта кім жоқ? Үй тапсырмасына не берілді?)

Ауа райы туралы. (Балалар бүгін ауа райы қанадай?Қазір қандай жыл мезгілі? Қыстың нешінші айы? Бүгін нешесі? Алдымызда қандай мереке келе жатыр? Біздің тәуелсіздігімізге қанша жыл болады?)

**Лексикалық уақыт:**

1.Балалар, біз қандай мемелекетте тұрамыз?

2.Біздің мемлекет қандай ел?

3.Мемлекетіміздің елбасы кім?

4.Мемлекетіміз бізге не болады?

5.Отанымыздың ең бірінші астанасы қай қала?

6.Елімізде қанша облыс орталығы бар?

7.Қазақстан Республикамыздың елордасы қалай аталады?

8.Жаңа Астанамыз қай жылы елорда болды?

9.Қазақстан Республикасының қанша рәмізі бар?

10.Тудың авторы кім?

11.Елтаңбаның авторы кім?

12.Әнұранның авторлары кім?

13.Жаңа әнұран қай жылы қашан қабылданды?

14.Бүгін біздін сабағымыз мемлекеттік тіл апталығына арналған.

Біздін Отанымыз – Қазақстан.

Қазақстан Республикасының өз Елтанбасы, Әнұраны, Туы, төл теңгесі бар.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ата Заны – Конституциясында белгіленген өз мемлекеттік тіл бар, ол әріне қазақ тілі. Қазақстан Республикасының әр азаматының парызы – мемлекеттік тілді білу, оны құрметтеу.

Фонетика туралы:

1. Қазақ тілінің фонетикасы нені зерттейді?
2. Қазақ әліпбиінде қанша әріп бар?
3. Әріптер неге бөлінеді?
4. Дауысты дыбыстардың саны қанша?
5. Дауыссыз дыбыстардың саны қанша?
6. Қандай екі әріптің дыбысы жоқ?
7. Жауысты дыбыстар қаншаға бөлінеді?
8. Дауыссыз дыбыстар қаншаға бөлінеді?
9. Буын дегеніміз не?
10. Буынның қанша түрі бар?
11. Үндестік заңының қанша түрі бар?
12. Дыбыс үндестігі дегеніміз не?

13.Буын үндестігі дегеніміз не?

Морфология, синтаксис, оқшау сөздер бойынша:

1. Қазақ тілінде қанша сөз табы бар?
2. Олар қандай?
3. Зат есімнің қанша жалғауы бар?
4. Олар қандай?
5. Септіктің қанша жалғауы бар?
6. Сөйлем мүшелері неге бөлінеді?
7. Сөйлемнің қандай түрлерін білесіңдер?
8. Қазақ тілінде қанша сөйлем мүшесі бар?
9. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерді ата.
10. Оқшау сөздерді ата.

**Мемлекет, отан, елбасы, елорда, елтаңба, әнұран, қазақ, орыс, ұлттық тіл, Астана**

| **І топ** | | | |
|---|---|---|---|
| **Септік атауы** | **Жалғауы** | | |
| Атау септік | | | |
| Ілік септік | | | |
| Барыс септік | | | |
| Табыс септік | | | |
| Жатыс септік | | | |
| Шығыс септік | | | |
| Көмектес септік | | | |

**Мәтінмен жұмыс:**

О-сы-дан бір-не-ше ға-сыр бұ-рын Қо-зы-ба-сы тау-ы мен Шу өзе-ні а-ра-лы-ғын-да Ке-рей мен Жә-ні-бек хан-дар бас-та-ған үш жүз-дің тай-па-ла-ры өз хан-дық-та-рын құ-рып, та-рих сах-на-сын-да «қа-зақ» де-ген а-тау пай-да бол-ды. Ал-тай мен А-ты-рау-ды, кең бай-тақ Са-ры-ар-қа-ны ме-кен ет-кен, қа-ны бір түр-кі тай-па-ла-ры бір-бі-рі-не тез үй-ре-ніп, ар мен на-мыс-ты ал-ға қой-ған ха-лық бол-ды. О-сы за-ман-нан бас-тап хал-қы-мыз та-лай жау-гер-ші-лік со-ғыс күн-де-рін бас-тан кеш-кен. Со-нау Тәу-ке хан-ның тұ-сын-да шы-ғыс-тан ан-та-лап жоң-ғар-лар, оң-түс-тікт-ен өз-бек, қа-ра-қал-пақ , сол-түс-тік ба-тыс-тан баш-құрт-тар, сол-түс-тік-тен Сі-бір ка-зак-та-ры ты-ныш жат-қан ха-лық-қа күн-діз күл-кі, түн-де ұй-қы бер-ме-ген. Ел а-ра-сын-да Бө-ген-бай, Қа-бан-бай, Жә-ні-бек, Жау-ға-шар, Қа-ра-сай си-яқ-ты ба-тыр тұл-ға-лар ел ба-сы-на күн ту-ған-да қа-лың қо-лын бас-тап, бей-біт өмір жо-лын-да үл-кен рөл атқарған.

Бер-тін ке-ле XVIII ға-сыр-да Ұ-лы им-пе-ри-я-ға тәу-ел-ді бо-лу-ы да хал-қы-мыз-ға қи-ын-шы-лық-тан көз аш-тыр-ма-ды. Ха-лық-ты қор-ғай-мын деп өзі-не ба-ғы-ныш-ты ет-кен им-пе-ри-я-ның мал-дың ізін-де жү-ріп көш-пе-лі өмір сал-тын ұс-тан-ған, мо-мын ха-лық-қа көр-сет-кен қи-ын-дық-та-ры да аз е-мес е-ді. А-лай-да қа-зақ ты-ныш жат-қан мо-мын ха-лық бол-ға-ны-мен, бір-екі ша-лыс бас-қан қа-да-мың-ды ке-ші-рер-ау, бі-рақ та-ғы қай-та-лап ша-мы-на ти-ер бол-саң қы-лыш-тай шау-ып тү-сі-рер ай-ба-ты да же-тер-лік. Со-нау сақ за-ма-ны-нан қа-ны-на сің-ген о-сы қа-си-е-ті хал-қы-мыз-дың тәу-ел-сіз-дік-ке де-ген қа-да-мы-на жол аш-ты. О-сы кез-ден бас-тап ата-ба-ба-ла-ры-мыз е-ге-мен-ді ел бо-лу-ды аң-сап, ұр-пақ-та-ры-ның еш-кім-ге тәу-ел-сіз мем-ле-кет-те ту-ып, бей-біт өмір кеш-се е-кен деп ар-ман-дап кет-кен.

Мі-не, Қа-зақ-стан-ның та-рих сах-на-сы-нан ой-ып тұ-рып о-рын а-лып, Тәу-ел-сіз ел бо-лып құ-рыл-ға-ны-на 22 жыл то-лып о-тыр. Қа-зақ-стан- бү-гін-де Еу-ра-зи-я-ның жү-ре-гін-де ор-на-лас-қан, та-ту-тәт-ті өмір сү-ріп жат-қан көп-ұлт-ты мем-ле-кет. Аз уа-қыт-тың і-шін-де е-лі-міз біз-ден е-дәу-ір уа-қыт бұ-рын тәу-ел-сіз-дік-те-рін ал-ған мем-ле-кет-тер-ді қу-ып же-тіп, спорт, бі-лім, ғы-лым, мә-де-ни-ет, өнер жа-ғы-нан ә-лем-нің ал-пау-ыт ел-де-рі-мен те-ре-зе-сі те-ңе-ле тү-су-де.Та-ту-лық пен бір-лік-ті ал-ға тарт-қан Ел-ба-сы-мыз көш бас-тап, Қа-зақ-стан бү-гін-де Ор-та А-зи-я-да-ғы да-му-шы ел-дер-ден ал-да ке-ле-ді. Ә-лем-дік дә-ре-же-де спорт-тық жа-рыс-тар-ды ұй-ым-дас-ты-рып, мық-ты де-ген ел-дер-дің ұй-ы-мы-на тө-ра-ға бо-лып, дү-ние жү-зі-не аты әй-гі-лі, өзі-нің қан-дай ел е-ке-нін уа-қыт өт-кен сай-ын дә-лел-дей тү-су-де. Тәу-ел-сіз-ді-гін ал-ған күн-нен бас-тап Қа-зақ-стан да-му-дың жа-ңа са-ты-сы-на кө-те-рі-ліп, та-лай би-ік бе-лес-тер-ді ба-ғын-ды-рып ке-ле-ді. Өз-ге ел-де жа-лау-ы-мыз көк ас-пан-да жел-бі-реп, ру-хы-мыз-ды ас-қақ-та-тар ай-бын-ды ән-ұ-ра-ны-мыз шыр-қал-ған-да әр-бір қа-зақ-стан-дық-тың жү-ре-гін-де е-лі-не де-ген мақ-та-ныш се-зі-мі ор-най-ды.

| **Жіңішке буынды сөздер** | **Тек қатаң дыбысты сөздер** | **Тұйық буыны бар сөздер** | **Салалас құрмалас сөйлем** | **Сабақтас құрмалас сөйлем** |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**Тест жұмысы:**

1.Фонетика нені зерттейтінін көрсетіңіз.

А) Сөз таптарын. В) Тіл дыбыстарының жүйесін. С) Сөз тіркесінің байланысу тәсілін.

Д) Сөз құрамын. Е) Сөз мағыналарын.

2. А, О, Ұ, Ы қандай дыбыстар екенін көрсетіңіз.

А) Езулік. В) Қысаң. С) Еріндік. Д) Жуан. Е) Ашық.

3. Бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстарды көрсетіңіз.

А) Ы,И,Ү,У... В) О,У,Е,І... С) Ә,І,Е,Ө... Д) Ә,А,О,Ү... Е) И,Е,А,Ө...

4. Жуан дауысты дыбыстар қатарын көрсетіңіз:

А) ә, и. В) ү, і. С) а, о. Д) ө, ә. Е) у, і.

5. Жіңішке дауысты дыбысты көрсетіңіз.

A) ы B) ү C) ұ Д) о E) у

6. Жуан дауысты дыбыстар қатарын анықтаңыз.

A) Е, і, о. B) И, ө, ы. C) Ұ, о, а. Д) Я, ә, е. E) Ү, е, у.

7. «О» қандай дыбыс екенін анықтаңыз.

A) Жуан. B) Қысаң. C) Езулік. Д) Дауыссыз. E) Жіңішке.

8. Жуан әрі еріндік дауысты дыбыстарды көрсетіңіз.

A) е, а B) ә, а C) о, ұ Д) и, ө E) ү, і

9. Езулік дауыстылардың саны қанша екенін белгілеңіз.

A) 8. B) 6. C) 10. Д) 7. E) 12.

10. «У» дыбысы жуан болып тұрған сөзді көрсетіңіз.

A) Кету. B) Жүру. C) Жету. Д) Секіру. E) Қайту.

11. Ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көрсетіңіз.

A) Айдын, шие, әдеп B) Кедей, емен, тау C) Күн, мектеп, аула Д) Аймақ, орта, мөлдір

E) Бұлт, зерттеуші, жағажай

12. Буын құрай алмайтын дауыссыз дыбыстарды көрсетіңіз.

A) и B) ү C) ы Д) а E) ж

13. Тек үнді дауыссыз дыбысқа аяқталатын сөздерді көрсетіңіз.

A)Үн, үй, көл B)Көз, құлақ, ауыз C)Қонақ, кісі, қуаныш Д)Зерек, жеміс, ерлік E)Бота,бала,жаға

14. Тек ұяң дауыссыз дыбыстан тұратын сөзді көрсетіңіз.

A) Баға B) Алыс C) Аспан Д) Гүл E) Белгі

15. Қатаң дауыссыз дыбыстарды табыңыз.

A) б,з B) р,у C) з,һ Д) қ ,к E) л,м

16. Қазақ тіліне тән дыбыстарды табыңыз.

A) ж,ң,н B) й,і,ә C) р,д,у Д) а,е,ы E) ғ,қ,һ

17. Ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын үй жануарын белгілеңіз.

A) Ешкі B) Сиыр C) Жылқы Д) Қой E) Түйе

18. Қазақ тілінде неше үнді дыбыс бар екенін анықтаңыз.

А) 10.  В) 6.  С) 7.  Д) 4.  Е) 2.

19. Тек қатаң дауыссыздан жасалған сөзді табыңыз.

А) Көз.  В) Көш.  С) Қожа.  Д) Қиыр.  Е) Қияр.

20. Ұяң дауыссыз дыбысқа аяқталған сөздерді көрсетіңіз.

А) хабар, үміт, шағын  В) атақ, бақыт, заң  С) күн, егін, жол  Д) шөл, су, нарық
Е) жаз, жұлдыз, үздіксіз

**Сабақты бекіту:**

**Бағалау:**

**Үй тапсырмасын беру: "**Тәуелсіздік", "Отаншыл" тақырып бойынша сөзжұмбақ құрастырыңыз.

**Сабақтың қорытындысы:**

16 желтоқсан 2013 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні. 22 жыл бұрынғы қиыншылықты артқа тастап, бейбіт күннің де ақ таңы арайлап атты. Жарқын болашаққа  қадам басып келе жатқан халқымыз үшін Тәуелсіздігіміз мәңгі жасай берсін! «Тәуелсіздік» деген ұғым қазақ халқы үшін қымбат, әрі киелі ұғым болып қала бермек!

**Қоштасу.**

Күні__________
Сынып:_________

Сабақтың тақырыбы:_____________________________________________________

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларды қазақ тілінде ауызекі тілде сөйлеу еркі сөйлеуге үйрету; қазақша байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сұраққа тез, дұрыс жауап беруді меңгерту, сөзжұмбақтарды шешу арқылы оқушылардың білімдерін тындап, ой-өрісін кенейту.

Дамытушылық: Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, ауызша, жазбаша сөздік қорларын дамыту.

Тәрбиелік: Оқушылардың мемлекеттік тілге деген құштарлығын арттыру; отаншылдыққа, мемлекеттік тілге деген құрметке, көптілді маман болуға тәрбиелеу, тілдің ұштұғырлығын насихаттау.

Сабақтың әдісі: Сөз жұмбақ, тест сұрақтарға жауап беру, сөз құрау, сұрақ-жауап, дидакталық ойындар.

Сабақтың эпиграфы:

Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,

Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.

Қай елде жүрсен де бұл, дұрысы –

Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар.

Сабақтың барысы: I. Сәлеметсіндерме балалар! Бүгін біздін сабағымыз тілдер күні мерекеге арналған. Біздін Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан Республикасының өз Елтанбасы, Әнұраны, Туы, төл  теңгесі бар. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ата Заны – Конституциясында белгіленген өз мемлекеттік тіл бар, ол әріне қазақ тілі. Қазақстан Республикасының әр азаматының парызы – мемлекеттік тілді білу, оны құрметтеу.

Балалар, біз қандай мемелекетте тұрамыз?

Біздің мемлекет қандай ел?

мемлекетіміздің елбасы кім?

Қазақстан Республикамыздың елордасы қалай аталады?

Қазақстан Республикасының қанша рәмізі бар? Тудың авторы кім?

Елтаңбаның авторы кім?

Әнұранның авторлары кім?

Ал, енді сабақты бастаймыз.

I. Бірінші ойын: «Иә, жоқ»

1. Города, которые были столицей Казахстана это – Оренбург, Қызылорда, Алматы, Астана.   (да – иә)

2. Кумыс – напиток французов. (жоқ)

3. Во время масленицы русский народ пекет баурсаки. (жоқ)

4. Самый знаменитый герой казахских сказок это – Алдар көсе. (иә)

5. Беспармак – это блюдо испанцев. (жоқ)

6. Президент Казахстана Н.Назарбаев. (иә)

7. Жүз – это тысяча, мың – это сто. (жоқ)

8. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл? (иә)

9. Қазақстан – біздің Отанымыз. (иә)

10. Наурыз жыл басы. (иә)

II. Тест сұрақтары. Әр сынып балаларына тестілар таратылады:

1. Сенің атың кім? Найди правильный ответ?

а) меня зовут; ә) как теб язовут; б) тебя зовут Дана.

2. «Учитель» деген сөздің аудармасы:

а) оқушы; ә) дәрігер; б) мұғалім.

3. «Мынау сызғыш» деген сөз тіркестің аудармасын тап:

а) линейка; ә) резинка; б) желім.

4. Оқу құралдарын тап:

а) сүт, нан, май, шай, кәмпіт; ә) бір, екі, үш, төрт, бес; б) қалам, өшіргіш, кітап, дәптер, сызғыш.

5. «Груша» как переводится?

а) сәрбіз; ә) шие; б) алмұрт.

6. «Күлме» - қандай сөз?

а) жіңішке; ә) жуан; б) дауысты.

7. Қазақ алфавитінде неше әріп бар?

а) 42; ә) 38; б) 40.

8. Қазақ тілінде неше тән дыбыстар бар?

а) 12; ә) 10; б) 9.

III. Қазақ - өте қонақжай халық. Қонағын құдайындай сыйлаған. Қонағы келсе құшағын жая қарсы алып, малын сойып, қарсы алады. Өйткені қазақта «қонақ келсе – құт келеді» деген ұғым қалыптасқан. Дастарханды аттауға болмайды. Уйге кірген адам дастарханнан дәм татпай кетпейді.

Қазақтың ұлтық дастарханында тамақтың үш түрі болады: ет, сүт, нан тағамдары.

Балалар енді, тағамдарды түр – түрімен топтастырайық:

IV. Сөз жұмбақ. Сөз жұмбақта Қазақстан қалалары жасырылған.

V. Ойын «Ойын ой шақырады»

Қазір біз тағыда бір ойынды ойнаймыз «Қай әріпті жоғалтым?». Тақтада сөздер берілген, жоғалған әріптерді тауып, орнына қоюымыз керек, яғни жоғалған әріпті табуымыз керек:

VI. Ойын «Дұрыс тап» - жемістерді, көкөністерді, жидектерді дұрыс тауып, сал.

Жемістер: алма, алмұрт, шие, жүзім, анар, алхоры, шабдалы (персик), өрік.

Көкөністер: пияз, қияр, сәбіз, қызымша, қызанақ, орамжапырақ, сарымсақ, қартоп.

Жидектер: қарақат, таңқұрай (малина), құлпынай (клубника), итмұрын (шиповник), қой бүлдірген (земляника), шырғанақ (облепиха).

Ал, енді сөзді әділқазыларға береміз.

Оқушылардың білім деңгейінің қандай дәрежеде екеніне әділқазылар алқасының мүшесі тоқталып, сайыстың белгілі бір түрінде ерекше көзге түскен оқушылардың нақты аты жөні аталады.